



Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

AQNIET

Республиканский научно-методический журнал

Ақпан
Февраль
№2(1) - 2024



Батырбеков Мейрбек Жандарбекович
Түркістан облысы, Шардара ауданы, Сүткент ауылы
Т. Тәжібаев атындағы жалпы білім беретін мектеп
Информатика мұғалімі



Мазмұны/Содержание

<i>Батырбеков М.Ж.</i> «Информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктері».....	1
<i>Сарсембаева И.М.</i> «Балалардың балабақшаға бейімделуі».....	4
<i>Акажанова Л.Т.</i> «Активные методы обучения и воспитания, как способ эффективности образовательного процесса».....	5
<i>Смагулова Н.С.</i> «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалармен қазақ тілін оқытудағы жаңа технологиялық әдіс түрлері».....	10
<i>Аубакирова Б.Қ.</i> «Мектеп жасына дейінгі балаларды сенсорлық дамыту, тәрбиелеу».....	12
<i>Таганова А.Н.</i> «Презентация: рәсімдеуге қойылатын талаптар».....	14
<i>Агнурова М.А.</i> Отаным. Буын.....	15
<i>Хвойницкая А.Л., Дмитриева С.Ю.</i> «Роль ансамблевой игры в музыкальном и творческом развитии ребенка в классе фортепиано».....	18
<i>Байзакова А.С.</i> «Использование интерактивных методов на уроках химии».....	21
<i>Нагышпаева Р.Б.</i> «Оқыту процесінде дидактикалық ойындар арқылы ақыл ойын дамытудың маңызы».....	24
<i>Муслим А.М.</i> «Ақпаратты–коммуникациялық технологияларды бастауыш сыныпта қолдану».....	27
<i>Байназарова Г.С.</i> «Бастауыш сынып оқушыларына жылдам оқуды үйрету».....	29
<i>Бекжанова Г.Т.</i> «Бастауыш сынып оқушыларында түсініп оқу дағдысын қалыптастыру».....	32
<i>Абдрахманова Ж.Б.</i> «Жаман жолдас».....	34
<i>Султанов А.С.</i> «Білім алушылардың дене шынықтыру сабақтарына қызығушылығын қалыптастыру жүйесінде инновациялық әдістерін қолдану».....	38
<i>Молдабаев О.С.</i> «Методические рекомендации учителя физической культуры по развитию двигательных навыков».....	42
<i>Қазымбекова А.Ж.</i> «Бастауыш мектепте математиканы оқыту барысында оқушылардың функционалды алгоритмдік дағдыларын қалыптастырудың рөлі».....	48

Бас редакторы: Айткалиева Гульмира Ержановна

ЖУРНАЛ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ №KZ39VPY00055587 КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ.

Айына 1 рет қазақ және орыс тілінде шығады. Таралымы 1000 дана.

Журнал «USTAZALEMI» баспаханасында басылды

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Батырбеков Мейрбек Жандарбекович
Түркістан облысы, Шардара ауданы, Сүткент ауылы
Т. Тәжібаев атындағы жалпы білім беретін мектеп
Информатика мұғалімі

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға жетелейтін құдыретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сондай-ақ «Онлайн тәсіліне оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет»-[1] деп атап көрсеткендей бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Осылайша, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. ХХІ ғасыр- бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Кәсіптік оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты- білімгерлердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқу программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Кәсіптік оқыту саласында компьютер білімгер үшін оқу құралы. Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби біліктілікті жұмысшы мамандарды даярлауда кәсіптік оқытуды жетілдірудің, оның материалдық- техникалық базасын толық жаңартып отыру қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыған байланысты мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылда дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында білімгерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білімгерлерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Әрбіріміздің санамызда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дегеніміз не деген сұрақ туындайды? «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Ақпараттық–коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген елбасымыздың үндеуінде айтылып кеткендей, білім

ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

2. Ақпараттық мәдениет орталығы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. Ақпараттық технологиялардың бірі-интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары.

Жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Білімгерлерге еркін ойлауға мүмкіндік береді;

2. Тіл байлығын дамытады;

3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;

4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.

5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір ұстаз күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты- міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

2. Ақпараттық мәдениет орталығы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы білім алушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Мұғалім оқушымен білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Білім алушы жеке жұмыс жасайды.

3. Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады. Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру- қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр-ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуға. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. [2]

Білім-болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту. Құзырет оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс.

Құзыреттілік- оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік-бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзыреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол-оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – білім алушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.[3]

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология- қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация- ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық жән египер мәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Оқыту құралдарының біріне тоқталсақ– электрондық оқулық. Ол білім алушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі-пәндік білім, екіншісі- компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы білім алушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест

тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Қорыта келгенде, мұғалім үшін нәтижеге жету білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала- ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ



Сарсембаева Индира Мураткановна
Абай облысы, Көкпекті ауданы, Теректі ауылы
Ерке-Нұр жекеменшік балабақша
Меңгеруші

Бала балабақшадан не алады? Әуелі, баланың өз құрдастарымен қарым-қатынас мүмкіндігі қалыптасады. Екіншіден, баланың интеллектуалдық және физикалық дамуы үшін мүмкіндік алады.

Әрбір бала балабақшаға алғаш келгенде бейімделу кезеңінен өтеді. Жалпы, адаптация ұғымы латын тілінен аударғанда икемделу, бейімделу деген мағынаны білдіреді. Балабақшаға келгеннен кейін баланың күнделікті өмірлік жағдайы күрт өзгереді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың бейімделу мүмкіндігі шектелгендіктен, балалардың жаңа әлеуметтік жағдайға жылдам ауысуы және күйзелісте күні бойы балабақшада өткізу баланың көңіл-күйінің бұзылуы мен психофизикалық дамуының төмендеуіне алып келеді. Баланың өмірінде бейімделу өте күрделі құбылыс болып табылады. Бейімделу кезеңі қиын және ұзаққа созылуы мүмкін. Қиындықтан шығу үшін және бейімделуді жеңілдету үшін баланы жанұядан балабақшаға біртіндеп үйрету керек. Балабақшаға келген баланың өмірінде мынадай өзгерістер болады: қатаң күн тәртібі, күні бойы ата-анасынсыз қалуы, тәртібінде жаңа дағдылардың талап етілуі, бейтаныс жер, бөгде адамдар. Осы өзгерістің барлығы балада бір мезетте болғандықтан, бала күйзеліске түседі, тамақтан бас тарту, жиі науқастану, мінез-құлқының жиі өзгеруі байқалады.

Бейімделу кезеңін психологтар мен дәрігерлердің зерттеулері бойынша 3кезеңге бөліп қарастырамыз:

1. Жеңіл бейімделу- 1-2 апта ішінде бала мінезі қалыпқа келіп түзеледі. Тәбеті жақсарып, балада тұрақты әрі қалыпты эмоциялық жағдай қалыптасады. Үлкендермен араласып, жаңа жағдайға тез үйренеді. Ауру, сырқауы асқынбайды.
2. Орташа бейімделу- баланың мінез-құлқы 1 ай көлемінде қалыпқа келеді. Көңіл-күйі тұрақсыз болғанымен жылауы бәсеңдейді. Аурушандығы 10 күннен аспайды. Балада үлкендердің қолдауы арқасында танымдық және мінез-құлық белсенділігі байқалады.
3. Ауыр бейімделу- 1айдан 2 айға созылуы мүмкін. Бұл кезең баланың жиі науқастануымен көрінеді. Бала агрессивті, жылау, айқайлау сияқты көріністер береді.

Өзімнің жүргізген зерттеу жұмыстарымда биылғы оқу жылында балабақшаға 74 бала қабылданды. Бұл балалар 2-3 жас аралығындағы балалар. Ата-аналар дан алынған сауалнама және тәрбиешілермен бірігіп жасалған жұмыс қорытындысы бойынша 43 бала жеңіл бейімделу кезеңінде, 31 бала орташа бейімделу кезеңінде болғандығы анықталды. Ауыр бейімделу кезеңінде балалар анықталған жоқ. Десе де, тәрбиешілердің бақылауы бойынша балабақшаға бейімделуде қиындық туғызған балалардың болғандығы да анықталды. Себебі неде? Өйткені, үйдегі үйренген күн тәртібінің балабақшадағы күн тәртібіне сәйкес келмеуі, ойыншықтармен өздігінен ойнай алмауы, қарапайым мәдени гигиеналардың қалыптаспауынан.

Ата-аналарға маман ретінде берер кеңесім: Балаға балабақшаның не екенін, балалардың не үшін келетіндігін айтып түсіндіру керек. Балаңызға міндетті түрде уақыт бөліп, оны өзі киініп-шешінуге, тамақ ішкенде қасықты қолдануға, дәретханаға сұрануын үйретіңіз. Үйде балабақша режимін сақтауға тырысыңыз. Баланы балабақшаға қалдырған соң көрінбей кетіп қалмаңыз. Балаңыздың сізге деген сенімін жоғалтасыз. Балаңызға ұнайтын қоштасу әдісін ойлап табыңыз.

Егер тамаққа деген тәбеті жақсарып, тез ұйқыға кетіп, ояғанда сергек болса, көтеріңкі көңіл-күймен ойнап жүрсе бейімделу кезеңі аяқталған болып есептеледі. Біздің балалар 2 ай көлемінде бейімделді. Топқа кіргенде тәрбиешімен және достарымен сәлемдеседі. Балалар топ ішіндегі заттар мен ойыншықтардың орындарын біледі. Барлығы бірлесіп ойыншықтарды жинап, орын-орнына қояды. Олар шеңберге тұруды үйренді. Осы тәрбиешілер мен ата-аналардың көмегінің арқасында біздің балалар балабақшаға жылдам әрі жеңіл бейімделді деп ойлаймын.

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ, КАК СПОСОБ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА



*Акажанова Лариса Тулегеновна
Город Актобе
КГУ "Средняя школа №35 имени Халела Досмухамедулы"
Учитель начальных классов*

Проблема активности личности в обучении как ведущий фактор достижения целей обучения, общего развития личности, профессиональной подготовки требует принципиального осмысления элементов обучения.

Уровень проявления активности обучения обуславливается основной его логикой, а так же уровнем развития учебной мотивацией, определяющей во многом не только уровень познавательной активности человека, но и своеобразие его личности.

В соответствии с традиционной логикой обучения, включающий такие этапы, как первичное ознакомление с материалом, или его восприятие в широком смысле слова; его осмысление; специальную работу по его закреплению и, наконец, овладение материалом, т.е. трансформацию его практическую деятельность.

Активные методы обучения – это методы, которые побуждают учащихся к активной мыслительной деятельности и практическим овладением учебным материалом. Активное обучение предполагает использование такой системы методов, которая направлена не на изложение преподавателям готовых знаний, их запоминания и воспроизведения, а на самостоятельное овладение знаниями, умениями в процессе активной мыслительной и практической деятельности.

Проблемное обучение – такая форма, в которой процесс познаний учащихся приближается к поисковой, исследовательской деятельности. Успешность проблемного обучения обеспечивается совместными усилиями преподавателя и обучаемых. Основная задача педагога – не столько передать информацию, сколько приобщить слушателя к объективным противоречиям развития научного знания и способам их разрешения. В сотрудничестве с преподавателем учащиеся «открывают» для себя новые знания, постигают теоретические особенности отдельного предмета. Проблемное обучение состоит из двух важнейших элементов:

- отражающих основное содержание темы; Система познавательных задач,
- Общение диалогического типа, предметом которого является вводимый учителем материал.

Разыгрывание ролей – игровой метод активного обучения, характеризующийся следующими основными признаками:

- Наличие задачи и проблемы и распределение ролей между участниками их решение. Например, с помощью метода разыгрывание ролей может быть имитировано производственное совещание;
- Взаимодействие участников игрового занятия. Каждый из участников может в процессе обсуждения соглашаться или не соглашаться с мнением других участников.
- Ввод педагогом в процессе занятия корректирующих условий. Так учитель может прервать обсуждение и сообщить некоторые новые сведения, которые нужно учесть при решении поставленной задачи.
- Оценка результатов обсуждений и подведение итогов учителем.

«Круглый стол» — это метод активного обучения, одна из организационных форм познавательной деятельности учащихся, позволяющая закрепить полученное ранее знание, восполнить недостающую информацию, сформировать умение решать проблему, укрепить позиции. Характерной чертой «круглого стола» является сочетание тематической дискуссии с групповой консультацией. При этом происходит закрепление информации и самостоятельной работы с дополнительным материалом, а так же выявление проблем и вопросов для обсуждения.

Важное условие при организации «круглого стола»: нужно, чтобы он был действительно круглым, т.е. процесс коммуникации, общения происходил «глаза в глаза». Принцип «круглого стола», т.е. расположение участников лицом друг к другу, а не в затылок, как на обычном занятии, в целом приводит к возрастанию активности, увеличение числа высказываний, повышает мотивацию учащихся, включает не вербальные средства общения, такие как мимика, жесты, эмоциональные проявления.

Мозговой штурм – широко применяемый способ продуцирования новых идей для решения практических проблем. Его цель – организация коллективной, мыслительной деятельности по поиску не традиционных путей решения проблем.

Использование мозгового штурма в учебном процессе позволяет решить следующие задачи:

- Творческое усвоение школьниками учебного материала;
- Связь теоретических знаний с практикой;
- Активизация учебно–познавательной деятельности учащихся;
- Формирование способности концентрировать внимание и мыслительные усилия на решении актуальной задачи;
- Формирование опыта коллективной, мыслительной деятельности.

Подготовка к мозговому штурму включает следующие шаги:

- Определение цели занятия, конкретизация учебной задачи;
- Планирование общего хода занятия, определение времени каждого этапа занятия;
- Подбор вопросов для разминок;
- Разработка критерий поступивших предложений и идей, что позволит содержательно провести анализ и обобщение итоговых занятий.

На заключительном этапе мозгового штурма представители групп делают сообщение о результате. Они называют общее количество предложенных в ходе штурма идей, знакомят с лучшими из них. Авторы отмеченных идей обосновывают и защищают их.

Педагог подводит итоги, дает общую оценку работе групп. При этом важно отметить положительные в работе моменты: проявления высокой степени творчества, успехи коллективной деятельности. Такая итоговая оценка создает в учебной группе творческую атмосферу, поддерживает учеников. Даже если успехи группы не блестящи, все равно нужно опереться на положительное в ее работе, чтобы стимулировать у учащихся желание добиться больших результатов в будущем.

Как правило, мозговой штурм проходит очень продуктивно и дает хорошие результаты. В случае не удачи педагогу не следует скоропалительно отказываться от этой формы работы, а нужно еще раз тщательно проанализировать подготовку и ход занятия, постараться найти причины не удачи, ликвидировать их, и в будущем его ждет успех.

Деловая игра – метод имитации ситуаций, моделирующих ту или иную деятельность путем игры, по заданным правилам.

Важным средством повышения эффективности урока является многообразие видов деятельности на уроке. К. Д. Ушинский отмечал, что ребенок требует деятельности беспрестанно и утомляется не деятельностью, а ее однообразием, односторонностью.

Особенно важно соблюдение этого требования в начальной школе. Младшие школьники усваивают знания лучше, если на уроке чередуются разнообразные и непродолжительные виды работы. Однако следует учитывать, что разнообразие видов деятельности учащихся само по себе не обеспечивает их активности, если оно не обусловлено целью урока, не является ее выражением.

Игра, являясь основным видом деятельности дошкольника, продолжает занимать важное место в жизни младших школьников, она рассматривается в качестве важного компонента основной деятельности, младших школьников — учения. Игровые элементы активизируют учебную деятельность учащихся, способствуют развитию самостоятельности и инициативы, товарищества и взаимопомощи и труде. Игра — важное средство повышения у учащихся интереса к учению. В начальном обучении широко распространены дидактические, или обучающие, игры. Они имеют познавательное содержание и направлены на умственное развитие учащихся.

В различных видах учебной деятельности используется широкий арсенал разнообразных игр. На уроках русского языка с успехом используются игры-загадки, драматизации, орфографические игры. Игра может способствовать созданию у ученика I класса более полных представлений о геометрических фигурах: круге, квадрате, прямоугольнике. На уроках чтения и природоведения могут с успехом использовать игры-путешествия, игры в следопытов.

С появлением технологии активного обучения давно известные учителям драматизация и театрализация стали одним из вариантов деловой игры и широко используется в технологии диалога культур. Драматизация – инсценирование, разыгрывание по ролям содержания учебного материала на уроках. Театрализация – театральное представление разных жанров по учебному материалу с большим количеством участников, продолжительное по времени, с декорациями и другими атрибутами.

Наиболее ранней классификацией является деление методов на методы работы учителя (рассказ, объяснение, беседа) и методы работы учащихся (упражнения, самостоятельные работы).

В последнее время предложена классификация методов по характеру руководства мыслительной деятельностью учащихся: объяснительно-иллюстративный, репродуктивный, проблемное изложение, частично-поисковый, исследовательский метод.

Наиболее принятой является классификация методов по источнику получения знаний (слово, наглядные средства, практическая деятельность). В соответствии с таким подходом методы могут быть объединены к три группы.

1. Словесные методы: рассказ, объяснение, беседа, работа с учебником и книгой.
2. Наглядные методы: наблюдение, демонстрация наглядных пособий, кинофильмов и диафильмов.
3. Практические методы: устные и письменные упражнения, графические и лабораторные работы.

В задачи технологии активного обучения входит развитие познавательной сферы обучающихся и сознательное активное осмысление и усвоение ими информации, ее можно использовать тогда, когда обучаемые уже владеют основами необходимой информации, полученные, как правила, традиционными методами. Как известно к активным методам обучения относятся проблемные ситуации, обучение через деятельность, групповая и парная работа, деловые игры, драматизация и театрализация, «мозговой штурм», «круглый стол» методы удивления, уверенности, успеха.

Технология активного обучения включает в себя методы, стимулирующие познавательную деятельность обучающихся, вовлекающего каждого из них в мыслительную и поведенческую активность, и направлена на осознание, отработку, обогащение и личностное принятие имеющегося значения каждым учеником.

А. Дистервег считал, что надо заставить ученика работать, работать самостоятельно, приучить его к тому, чтобы для него было немисливо иначе, как собственными силами что – либо усвоить. Чего ждет ребенок, переступивший порог школы? Только успеха. Ситуация успеха – не обходимое условие для перерастания положительного отношения к учебе в активное, творческое. Большую роль играет в учебном процессе раздаточный материал, который изготавливает каждый ученик класса для себя на уроках трудового обучения. Это таблицы, схемы, сборник правил, карточка помощник, памятка по работе над ошибками.

Известны два способа построения учебного материала и его подачи в пособиях: линейный и разветвленный. Они определяют и характер работы учащихся с пособиями. В учебном пособии,

построенном по линейной системе, весь материал, подлежащий усвоению (новая информация, разнообразные тренировочные упражнения) подразделен на небольшие порции или дозы. Изучив каждую порцию материала, ученик одновременно выполняет включенные в нее проверочные задания. Проверив правильность работы, ученик приступает к выполнению следующего задания. Так шаг за шагом школьник самостоятельно овладевает учебным материалом.

Разветвленная система программирования также предполагает подразделение материала на смысловые кадры, но за каждым из них следует несколько вариантов решения предложенного вопроса. Если ученик набрал неверный ответ, он возвращается вновь к исходному материалу и ищет другой способ действий, пока не найдет верного решения.

Программированное обучение позволило широко использовать разнообразные машины (репетиторы, экзаменаторы и др.). В современном учебном процессе используется как машинное, так и безмашинное программирование.

Изучение возможностей программированного обучения, проведенные многочисленные эксперименты позволили четче определить его сущность и место в учебном процессе.

Программированное обучение в самом общем виде определяется как система, предполагающая разумное сочетание всех методов обучения при превалирующей и определяющей роли самостоятельной работы учащихся. В узком смысле под программированным обучением понимают управляемую систему самостоятельной работы. Поскольку основная задача этого обучения — повысить управляемость процессом усвоения знаний учащимися, то, очевидно, управление особенно необходимо в тех случаях, когда учащиеся самостоятельно приобретают знания.

«Процесс обучения письму и чтению,— писал В. А. Сухомлинский,— будет легким при условии, если грамота станет для детей ярким, захватывающим куском жизни, наполненным живыми образами, звуками, мелодиями».

В. А. Сухомлинский проводил обучение грамоте в форме путешествий к истокам слова. В обучении широко использовались наблюдения за природой и жизнью людей, рисование, слушание музыки, Пробуждению интереса к чтению способствует оформление букваря, книг для чтения, использование разнообразных наглядных пособий. Огромное значение имеет также отношение учителя к успехам отдельных учащихся. «Педагогическая мудрость воспитателя в том и заключается, чтобы ребенок никогда не потерял веры в свои силы, никогда не чувствовал, что у него ничего не получается. Каждая работа должна быть для ученика хотя бы маленьким продвижением вперед»,— советовал В. А. Сухомлинский.

Лишь пройдя первый и наиболее трудный этап овладения техникой чтения, ребенок становится неразлучным с книгой.

Успех дальнейшего обучения учащихся в средних классах во многом будет зависеть от того, насколько прочными будут навыки сознательного, вдумчивого, сосредоточенного чтения и воспроизведения прочитанного, осознания текста и лексического разбора его трудных мест, логического разбора текста в связи с заданиями учителя и учебными потребностями детей, уяснение идейного смысла читаемых статей, рассказов.

В I классе дети учатся составлять план прочитанного. В III классе они уже умеют составить план большого рассказа или отрывка, формулируя пункты плана в виде назывных предложений. Дальнейшая работа с учебником и книгой готовит детей к восприятию текста, вооружает их умением вдумываться в название статьи, вырабатывает у детей навыки внимательного чтения с выделением, основной цели. Не менее важное значение, имеет привитие школьникам навыка самостоятельной работы над статьей, тщательный контроль со стороны учителя за правильностью понимания учащимися прочитанного, выяснение отношения детей к событиям, действиям, поступкам героев.

По мере овладения учащимися техникой чтения их нужно вооружать умениями самостоятельно изучать материал по учебнику и книге, уметь выполнять следующие действия:

определить тему, вопрос и дать себе отчет в том, что нужно узнать, в чем разобраться; внимательно прочитать материал, разбить его на части и составить план прочитанного; дать устные ответы на вопросы (краткие и развернутые); научиться приводить свои примеры к прочитанному; уметь формулировать выводы по всему прочитанному.

Работа над текстом строится в зависимости от его характера. При изучении делового текста учитель концентрирует внимание учащихся на усвоении его содержания и тех сведений, которые в нем сообщаются.

Цели и характер работы меняются при изучении художественного текста. В литературных произведениях содержание слито с художественным образом в единое целое. Поэтому в работе над художественным текстом учитель главное внимание уделяет восприятию и запечатлению в сознании учащихся ярких образов и картин, нарисованных автором, учит детей пользоваться художественными средствами при запоминании материала, оценивает качество и полноту восприятия художественного образа при проверке знаний.

В работе над художественным текстом учитель учит детей проводить простейшие теоретико-литературные наблюдения: запоминать наиболее выдающихся писателей, отдельные эпизоды из их биографии, название известных произведений; понимать идею прочитанного; научиться понимать, какими средствами достигает писатель своей основной цели, как он строит произведения, какими языковыми средствами пользуется; научиться отличать произведения, написанные в стихотворной и прозаической форме, усвоить термины рассказ, стихотворение, басня, сказка, народная песня, пословица и др. Некоторые стихотворения или отрывки школьники по указанию учителя заучивают наизусть.

Умение работать с книгой развивается и совершенствуется во время различных внеклассных занятий: соревнований на лучший рассказ по книге, совместных обсуждений прочитанных книг, нахождения лучших в художественном отношении отрывков в прочитанных книгах.

Главная задача начальной школы – обеспечить развитие личности ребенка на более высоком уровне.

Источником полноценного развития ребенка начальных классов школы выступает два вида деятельности. Во-первых, любой ребенок развивается по мере освоения прошлого опыта человечества за счет приобщения к современной ему культуре. В основе этого процесса лежит учебная деятельность, которая направлена на владение ребенком знаниями и умениями, необходимыми для жизни в обществе.

Во-вторых, любой ребенок в процессе развития самостоятельно реализует свои возможности, благодаря творческой деятельности.

При использовании активных методов обучения необходимо, чтобы школьники умели анализировать, рассуждать, планировать, создавать новое.

Все указанные активные методы используются в практике начального обучения. Опыт показал, что их эффективность зависит от цели и задач конкретного занятия, особенности содержания учебного материала, уровня сформированности учебной деятельности учащихся.

Образование становится стратегической областью, обеспечивающей национальную безопасность страны. О конкурентоспособности страны начинают судить по уровню образовательной подготовки подрастающего поколения. Образование один из важнейших национальных проектов, который поставил президент перед правительством и учителями.

Поэтому необходимо:

- Использовать активные методы обучения и воспитания в педагогическом процессе;
- Включать в учебное занятие проблемность;
- Вовлекать учащихся в постоянную деятельность: отвечают, анализируют, оценивают, выделяют главное;
- Организовать коллективное взаимодействие;
- Изменить модель учителя: соорганизатор, партнер, консультант;
- Соблюдать единство и согласованность требований к поведению учащихся в организации их учебной деятельности.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛАЛАРМЕН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІС ТҮРЛЕРІ

Смагулова Назгуль Сансызбаевна
Павлодарская область, город Аксу
КГКП «Ясли-сад №24 города Аксу»
Преподаватель казахского языка

Үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі білім беру мәселеіне бүгінгі таңда жан-жақты көңіл бөлінуде, осыған орай алға қойған міндеттерді орындауда жалпы балабақша ұжымы балаларға жан-жақты тәрбие беріп, салауатты өмір салтына, заман талабына сай, денсаулығы мықты, парасатты да инабатты ұрпақ тәрбиелеуде талмай еңбек етіп келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім берудің жаңа стандартын басшылыққа ала отырып білім тәрбие беру мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу іс-әрекетін шығармашылық ізденіс негізінде жүзеге асырудамыз.

Бала неғұрлым кішкентай болса, соғұрлым оның екінші тілді игере алу мүмкіншілігі арта түседі.

Балабақша қабырғасында «Билингвизм» терминін жиі қолданып жүрміз. Қос тілді игеру әдістемесін бірігіп жұмыс жүргізу барысында, нақты жетістікке жетеміз деп ойлаймын.

Бүлдіршіндерге қазақ тілін үйрету барысындағы ең басты тұжырым: пәндік дидактикалық тіл орталығын ұйымдастыру,

жаңа әдіс-тәсілдер қолдану, ата-аналармен қарым-қатынас жұмысы тәрбиешілермен тығыз байланыста қызмет жасау.

Қазақ тілін үйрету барысындағы балаға қойылатын мақсат-талаптар:

Мақсаты: мемлекеттік тілді оқып үйренуге дайын, ересектермен және өз құрбылармен мейірімді қарым-қатынаста болуға талпынған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балаларды мемлекеттік тілде сөйлесуді қабылдауға және түсінуге үйрету

2. Сөздерді бәсең сөздіктен белсенді сөздікке аудару. Сөйлесуден өзіне таныс сөздерді түсініп, бөліп алуға үйрету.

3. Қарапайым тапсырмалар мен ережелерді орындауды үйрету.

4. Сұрақтарды түсінуге үйрету: «Мынау не?», «Қандай?», «Неше?»

5. Мемлекеттік тілдің өзіндік дыбыстарының айтылуы ерекшеліктерін білу.

6. Тәрбиешімен диалог және маналог кезінде жеке сөздермен өз пікірлерін қолдануға үйрету.

Білім беру стандартының мемлекеттік тілді үйрету барысын бала өмірінің әр кезеңінде «Мен қазақша үйренемін!» деген ұранмен ойын әдісімен қызықтыра білу, үйрету, сөйлету:

–режимдік уақыттар (таңғы жаттығу, мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу, мәдени тәртіп, мәдени қарым-қатынасқа, еңбек сүйгіштікке баулу);

–оқыту-тәрбиелеу процессі (сабақтар, ертеңгіліктер, ойын-сауықтар, өз беттерімен іс-әрекеттері);

–ойын әрекеті барысында (дидактикалық, сюжетті-рөлдік, қимылды, театрландырылған, ұлттық ойындар, т.б.)

Жоғарыда айтып кеткендей біздің балабақшада қазақ тілі таңғы қабылдау, ата-анамен қарым-қатынас жасау, ойын барысында балалармен жеке сөйлесіп қазақ тілінің әдемілігін, керектігін үйрете алады.

Қазақ тілін үйрету ісінде ТРИЗ элементтерін пайдаланудың маңызы зор. ТРИЗ – ойлап табу теориясының міндеттері. ТРИЗ әдістемесі бойынша сызбалар арқылы балалар үйренген жеке сөздерден сөйлем, сөйлемнен әңгіме құрастыра алады. Бұл әдістемесі бойынша баланың сөздік қоры сан жағынан ғана емес, сапалық жағынан молайып, сөйлеу тілі дамиды.

Жақсыны жалғастыру, жаңаны дамыту – әр мұғалімнің борышы. Балалардың тіл байлығын дамыту үшін сабақтан тыс «Тілашар», «Қазақ тілі-көркем тіл» деген үйірмелер жұмыс істейді. Үйірменің арнайы жоспары бар. Жоспар бойынша мерекелік шараларға өлеңдер, мақал-мәтелдер, әндер жаттаймыз, ертегілер, шығын көрністер саханалаймыз.

Балалардың білім деңгейін анықтау үшін қазақ тілі мұғалімдері әр тоқсан сайын есеп береді. (Бұл жұмысты мониторингтен көре аласыздар).

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру мазмұны түбегейлі өзгертіліп, құзыреттілік әдістер беріліп отыр, еліміздің жаңа ұрпақтарын жаңаша оқыту мен бірге ұлттық рухани тәрбие

мәселесін жүзеге асыру қазақ тілінен сабақ беріп жүрген мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Білім алушының дене шынықтыру сабағына деген қызығушылығын қалыптастыру және дамыту мәселесі қазіргі уақытта ғылымда көбірек талқылануда. Бұл ең алдымен қоғамның дені сау жас ұрпаққа деген сұранысымен байланысты. Қазіргі ортаның тұрақсыздығы адамның жоғары белсенділігін ғана емес, сонымен қатар оның дағдыларын, стандартты емес мінез-құлық қабілетін талап етеді.

Оқыту процесінде білім алушылар мұғалімнің пассивті әсер ету объектісі болмауы керек. Олардың өздері оқу материалын меңгеруге бағытталған белсенділік танытуы қажет. Осыған байланысты мұғалімнің алдында өзінің қарамағындағы барлық құралдармен білім алушылардың жоғары оқу белсенділігін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне қойылатын негізгі талаптардың бірі – қозғалыс әрекеті процесінде өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға сараланған тәсілді жүзеге асыру қажет деп есептеймін. Балалардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына қызығушылық таныту үшін оларды қызықтыратындай, мүмкіндігінше қозғалып, жігерлі әрекеттерінің нәтижесін көретіндей бұқаралық спорт шараларын ұйымдастыру қажет.

Мектеп білім алушыларының дене шынықтыруға қызығушылық танытуының нақты себептерін ескере отырып, дене шынықтыру мұғалімі өз жұмысын дене шынықтыруды үгіттеуге және насихаттауға, жалпы өз пәніне деген қызығушылығын қалыптастыруға, қандай материал болғанына қарамастан құруы керек. Дегенмен, мектеп оқушылары да әртүрлі бағдарламалық материалдарға

сараланған қызығушылық танытады. 5-7 сыныптарда ұлдар спорттық ойындарды, ал қыздар ашық ойындарды жақсы көреді. Осы сыныптардағы оқу бағдарламасының барлық басқа жаттығулары білім алушыларға шамамен бірдей ұнайды.

Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары білі алушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды дене шынықтыру пәнінде оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда АКТ құралдарын, сын тұрғысынан ойлау және саралап -деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын.

Білім алушылар білім бағдарламасының барлық пәндері бойынша оқу үдерісінде АКТ-ны пайдалану дағдыларын дамытады және мұны жабдықтар мен қосымшалардың мол түрін пайдалана отырып, ақпаратты іздеу, жасау және өңдеу, ынтымақтастық пен ақпарат, идея алмасу, өз жұмысын бағалау мен жетілдіру арқылы жүзеге асырады.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- Интерактивті тақта;
- Мультимедия;
- Интернет кеңістігі;
- Электронды оқулық.

Дене шынықтыру сабақтары аз сағат бөлінетін кең көлемді теориялық материалды қамтиды, сондықтан электронды презентациялар бұл мәселені тиімді шешуіме мүмкіндік берді. Білім беру үрдісінде компьютерлік технологияны пайдалана отырып өткізген сабақ біршама қызықты, көрнекті және ширақ болады. Үйретілетін қимылдардың орындалу техникасының түсініктемелері, тарихи құжаттар мен оқиғалар, спортшылардың өмірбаяндары, әртүрлі бағыттағы теориялық сұрақтарды баяндау оқушыларға тікелей көрсетілмеуі мүмкін. Сондықтан көрнектіліктің әртүрлі түрлерін пайдалану қажет. Компьютерлік техникамен жабдықталған кабинетте сабақ өткізу балаларды қызықтырып, сыртқы уәждеме пайда болады. Сыртқы уәждемеден пәнге қызығушылық туындайды.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Ол үшін мұғалім оқушылардан берілген қандай да болса тапсырманы табандылық пен орындауды, өздігінен жұмыс істей білуді, ұйымшылдық пен белсенділікті талап етеді. Жеңіл атлетика, дала жарысы, спорт ойындары, суда жүзу, ұлттық ойындар, гимнастика сияқты спорт түрлерін тек қана практика жүзінде үйренгенімен қоймай, бұл ойындардың ережесі туралы өзбетінше ізденіп, пайда болу тарихына үніліп, Дүниежүзілік және Қазақстандық спорт қозғалысынан хабардар болу сияқты тапсырмаларды орындап, сабақтан тыс кезде сайыс сабақ, «Дөңгелек үстел», «Дене тәрбиесінің тарихы» апталығы, «Көңілді старттар», «Тоғызқұмалақ –үш күндігі», «Былғары доп» сияқты іс-шараларды өздері ұйымдастырып өткізе алады. Мұғалім олардың жұмыстарын орындауын бақылаушы және кеңесші болады. Оқушылардың «Дене тәрбиесі-адамды қалыптастыратын пән» атты тақырыпта сайыс түрінде ұйымдастырған дөңгелек үстелдің жоспары төмендегідей болды: сынып үш топқа бөлініп, әр топ өзіне топ басшысын тағайындайды. Топқа ат қойылып, төсбелгі жасайды. Әр топ өзінің ұраны мен бастап, топ мүшелерін таныстырады.

Сайыс ережесі:

А.Сәлемдесу, таныстыру

Ә.Берілген тақырыпта баяндама қорғау

Б. «Бәйге» сұрақтары

В. Гимнастикалық жаттығу немесе аэробика көрсету

Г. «Тұлғаны танып біл!»

Д. «Жас төреші»

Ж. Қабырға газеттері мен ұранды сөздерді бағалау

Қ. Қорытынды.

Топтарға сайыс ережесін алдын ала беріп қояды. Баяндама дайындау керек тақырыптардың тізімі мұғаліммен бірігіп жасалынып қояды. Топтар ішінен тақырыпты таңдап алып, дайындала бастайды. Мысалы: «Қазақтың ұлттық спорт ойындары», «Үстел теннисінің ережесі», «Баскетболдың тарихы», «Бадминтон – қызықты ойын», «Азиада және Қазақстан» «Қазақ даласының батыры» т.с көптеген тақырыптарды ұсынуға болады. «Бәйге» сұрақтары үш топқа түрлендіріліп қойылды.

Мысалы:

1. «Қазақ даласының батыры» деген құрметті атақ алған қазақтың даңқты чемпионы кім?
2. Қазақстанның дене тәрбиесінің Жоғары кеңесі қашан құрылды?
3. Ең алғаш Бүкілқазақстандық спартакиада қай қалада, қашан өткізілді?
4. Волейбол сөзінің мағынасы?
5. Қазақстанда ең алғаш ашылған дене тәрбиесі техникумы?
6. Тұңғыш рет «Спорт шебері» атағын алған боксшымыз?
7. ҚР «Дене тәрбиесі және спорт туралы» заң қашан қабылданды?
8. Қазақтың ұлттық спорт ойын түрлері қайсылар?
9. Дүниежүзілік олимпиада ойындары қай кезден басталды?
10. «Тоғызқұмалақ» ойынында құмалақтың саны? т.б.

Гимнастика немесе аэробиканы музыканың сүйемелдеуімен орындайды. «Тұлғаны танып біл» деген турда Дүниежүзілік және Қазақстандық даңқты чемпиондардың суреттерін нөмірлеп көрсетпей қояды. Бір оқушы нөмір таңдап, сол нөмірдегі суретті топ мүшелеріне алып барады. Топ болып суреттегі тұлға туралы әңгіме дайындап, бірін-бірі жалғастыра отырып баяндайды. Мұнда Серік Қонақбаев, Бекзат Саттарханов, Дәулет Тұрлыханов, Илья Ильин, Бақыт Сәрсекбаев, Әлия Юсупова, Пеле, Марадонна т.б суреттерін қоюға болады. «Жас төреші» ойынында үлестірме карталарда спорт ойындарының аттары беріледі. Мысалы: баскетбол, волейбол, футбол, теннис, тоғызқұмалақ, қол добы т.б. Топ басшылары таңдап алып, қай спорт ойыны кездесе соның төрешісі қалай болатынын, есебін қалай жазатынын баяндайды. Қабырға газеттері мен ұранды сөздерді топтар тобының аты мен байланысты жасайды. Қорытындыда әрбір кезеңде қойылған ұпайлар қосылып, жеңімпаз топ анықталады.

Дене шынықтыру-бұл қозғалыс мәдениеті ғана емес, сонымен бірге теориялық білім. Дене шынықтыру сабақтарында біз оқушыларды әртүрлі спорттық керек - жарақтармен, спорттық снарядтармен, спорт түрлерімен, жалпы және кәсіби-қолданбалы дене дайындығымен таныстырамыз. Оқушылар көп түрлі білім алады, дене шынықтыру саласында практикалық білім мен дағдыларды алады. Мен өз тәжірибемде бұл мәліметтерді жұмбақтардың, сондай-ақ тест тапсырмалары мен кроссвордтардың көмегімен тексеріп бекітемін. Жұмбақтар мен сөзжұмбақтар, спорттық ермектер мен мерекелерді өткізу кезінде өте өзекті. Бұл тапсырмаларды балалар мен ата-аналардың бірлескен демалысын өткізгенде де ұсынуға болады. Ол үшін мен жұмыс дәптерін қолданамын. Бұл жұмыс дәптері денсаулығына байланысты арнайы медициналық топқа жатқызылған білім алушыларға, сондай-ақ физикалық күш салудан уақытша босатылған білім алушыларға қосымша сабақтар ретінде өткізуге арналған. Дәптерді дайындық және арнайы сауықтыру топтарының білім алушыларына да ұсынуға болады, өйткені онда пәннің теориялық білімін бағалауға арналған көптеген тапсырмалар бар. Жұмыс дәптерінің құрылымына мыналар кіреді: түсіндірме жазба, дәптерді толтыру бойынша нұсқаулар, өздік жұмыс тапсырмалары, сонымен қатар практикалық және теориялық тапсырмаларды бағалау критерийлері.

МАЗМҰНЫ

I. БӨЛІМ. "Ой өрісінді тексер"

1. "Спорттық калейдоскоп"
2. "Командалық спорт ойындары"
3. "Жекпе – жек"
4. "Жеңіл атлетика"

5. "Әлем чемпиондары"
 6. "Шығармашылық тапсырмалар"
 7. "Ұлттық ойындар"
 8. "Тоғызқұмалақ"
 9. "Ой толғаныс"
- II. БӨЛІМ. "Біз салауатты өмір салтын қалаймыз"
- III. БӨЛІМ. "Дәрумендер"
- IV. БӨЛІМ. "Жадыны жаттықтыруға арналған тапсырмалар"

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың саралап-деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Бұл технологияны қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында, алдымен оқушының «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Оқушының «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет. Оқушының «Қайда?» деген сұрағына: Оқушының және ұстаз арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет. Өзімнің 6-сыныптарға өткізген «Акробатикалық жаттығулар» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу.

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы білім алушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Деңгейлеп - саралап оқыту технологиясының принциптері-оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде білім алушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Білім алушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде білім алушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Республикалық ғылыми әдістемелік журналдары «Мектептегі дене шынықтыру» №5 2015ж; №2 2014ж
2. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту» Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2014 ж
3. Ақпараттық технологиялар тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. № 6. – 24–25 бб.
4. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысындағы оқытушының рөлі мен біліктілігі // ҚР ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – 2008. – № 2. – 16–18 бб.
5. А.А. Бейбитов «Жаңа технологияларды дене шынықтыру сабағында енгізудің тиімділігі». «Қазақстан мұғалімі» журналы.

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ УЧИТЕЛЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ПО РАЗВИТИЮ ДВИГАТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ



*Молдабаев Оскар Сейтботалович
ВКО, Район Алтай, город Алтай
КГУ «Средняя школа №7 города Алтай»
отдела образования по району Алтай, управления
образования Восточно-Казахстанской области
Учитель физической культуры*

Техника безопасности при занятиях физическими упражнениями.

1. К занятиям допускаются учащиеся:

- отнесенные по состоянию здоровья к основной и подготовительной медицинским группам;
- прошедшие инструктаж по мерам безопасности;
- имеющие спортивную обувь и форму, не стесняющую движений и соответствующую теме и условиям занятий.

Учащийся обязан:

1. соблюдать правила личной гигиены;
 2. заходить в спортивный зал, брать спортивный инвентарь и выполнять упражнения только с разрешения учителя;
 3. бережно относиться к спортивному инвентарю и оборудованию, не использовать его не по назначению;
- знать и соблюдать правила личной и общей безопасности при выполнении конкретных физических упражнений.

За несоблюдение правил безопасности учащийся может быть не допущен или отстранен от участия в учебном процессе.

II. Требования безопасности перед началом занятий.

Учащийся должен:

1. Иметь при себе спортивную форму и спортивную обувь с нескользкой подошвой;
 2. Снять с себя предметы, представляющие опасность для окружающих (часы, кулоны, браслеты. Серезжки и т.д.);
 3. Под руководством учителя подготовить инвентарь и оборудование, необходимые для проведения занятия;
 4. При выполнении упражнений соблюдать очередность и безопасный интервал;
- За несоблюдение мер безопасности учащийся может быть не допущен или отстранен от участия в учебном процессе.

III. Требования безопасности во время занятий:

При выполнении упражнений в движении учащийся должен;

- избегать столкновений с другими учащимися;
- перемещаясь спиной вперед-туловище слегка наклонить вниз;
- исключить резкое изменение своего движения, если этого не требуют условия выполнения упражнения;
- соблюдать интервал и дистанцию;
- при выполнении беговых упражнений поточным способом исключить стопорящую остановку после пробегания дистанций, избежания столкновения с последующими участниками упражнения.

За несоблюдение мер безопасности учащийся может быть не допущен или отстранен от участия в учебном процессе.

Формы организации учебной деятельности.

При проведении занятий используются различные способы организации учебной деятельности: фронтальный, групповой, индивидуальный и поточный.

При фронтальном способе упражнения выполняются всеми учащимися одновременно. Это один из способов организации занятий, при котором коллективные действия по распоряжению учителя приучают учащихся к согласованным действиям всей группой.

При организации занятий групповым способом упражнения выполняются одновременно несколькими группами учащихся. Учитывая, что при этом моторная плотность урока может снизиться, необходимо для её повышения давать учащимся дополнительные несложные задания, которые могли бы выполнять школьники, ожидающие очередного подхода. Это могут быть подводящие упражнения, содействующие освоению основного двигательного действия, или упражнения, направленные на совершенствование ранее изученных движений и развитие двигательных качеств.

Сущность индивидуального способа организации занятий заключается в том, что отдельные ученики, получив те или иные задания, самостоятельно выполняют их. Применение этого способа помогает ученикам овладеть умением самостоятельно заниматься физическими упражнениями.

Поточный способ заключается в том, что учащиеся выполняют упражнения друг за другом. Все упражнения, проводимые поточным способом, должны быть, предварительно изучены групповым способом.

Какой бы ни был применен способ организации занятия, в любом случае важно, чтобы обеспечивалась необходимая физическая нагрузка с учетом подготовленности учащихся, соблюдались правила техники безопасности.

Прежде чем приступить к развитию двигательных качеств необходимо определить уровень физической подготовки учащихся. Для этого нам пригодятся несколько проверочных упражнений, каждое из которых содержит в себе три степени трудности.

Тестовые упражнения для девушек.

I.

1. Сесть на пятки (носки оттянуты), голову наклонить к коленям, руки вытянуть вперед. Потянуться вперед по полу до положения лежа на животе, затем вернуться в исходное положение.
2. Сидя на пятках, наклониться до касания лбом пола и выпрямиться без помощи рук (они сзади в «замке»).
3. То же движение, что и в первом варианте, но поворачиваясь боком и скользя по полу руками, плечом, щекой.

II.

- 1) Из упора лежа повернуться в упор на одной руке, другую на талию.
- 2) То же – подняв безопорную руку и ногу.
- 3) То же – повернувшись далее в упор сзади.

III.

- 1) Сесть, опираясь руками сзади себя. Подтянуть ноги пятками по полу, выпрямить под углом 45 градусов, затем опустить.
- 2) То же исходное положение, Подняв прямые ноги под углом 45 градусов, совершать ими кругообразные движения.
- 3) Сесть, прямые руки в стороны. Ноги подтянуть, выпрямить под углом к полу, одновременно соединяя руки и касаясь носков руками.

IV.

- 1) Сесть, ноги прямые; рука слева опирается о пол, правая на талии. Согнув ноги, подобрать их вправо под себя и сесть на левое бедро. Затем из исходного положения повторить движение в другую сторону.
- 2) То же. Но обе руки на талии.
- 3) Сидя на одном бедре (руки на талии) с согнутыми ногами, выпрямить затем их и. описать ими полукруг, перейти в зеркальное положение (сидя на другом бедре).

Тестовые упражнения для юношей.

I.

- 1) Положить стул спинкой на пол. Упор лежа, положив руки на ножки стула пальцами во внутрь. Отжимаясь (10 раз), попеременно поднимать прямые ноги.

2) Отжиматься (10 раз), перенося вес (наклонением тела вправо и влево) одновременно на каждую руку.

3) В упоре лежа высоко поднять таз. Так чтобы прямые ноги и корпус образовали прямой угол. «Волна»; сгибая руки, движение корпусом вниз-вперед, затем, выпрямляя руки, вперед-вверх. После чего движение следует в обратном направлении до исходного положения. Повторить 15 раз.

II.

1) Упор лежа. Положив руки на ножки стула пальцами вовнутрь. Но при этом сдвинув тело вперед так, что нижняя часть живота на линии рук. Отжаться 8 раз.

2) В упоре лежа корпус и прямые ноги под углом, таз поднят. Отжаться 10 раз.

3) В упоре лежа тело сдвинуто назад, так что линия рук за головой. Отжаться 10 раз.

III.

1) Сидя на стуле, опереться руками и приподняться над сиденьем в упор сидя. Поднять согнутые ноги к животу. Покачаться корпусом между рук.

2) В упоре сидя (на стуле) поднять согнутые ноги. Выпрямить в «угол» и медленно опустить.

3) Сидя на стуле, выпрямить вперед ноги. Зафиксировав «угол», выйти в упор сидя, согнуть ноги к животу. Опять выпрямить в «угол» и сесть.

IV.

1) В упоре лежа (на полу) толчками прямых ног подбрасывать их.

2) В упоре лежа резко оттолкнуться от пола, сделать хлопок ладонями и успеть вернуться в исходное положение.

3) Встать на колени, подставить под живот локти (ладони на полу пальцами назад) и в этом упоре на согнутых руках выпрямить ноги в горизонтальное положение.

Содержание методических рекомендаций:

1. Для развития взрывной скорости применять упражнения из различных видов спорта. Учащиеся не только должен научиться выполнять эти упражнения, но и превратить их в навык.

2. Специальные упражнения на «быстроту» состоят из возможно быстрых движений, максимально приближенных к элементам соревновательного упражнения.

Эти упражнения можно разделить на три группы:

- циклические упражнения. Выполняемые повторно с возможно большей частотой.

- ациклические упражнения. Выполняемые повторно с максимальной быстротой.

- смешанные упражнения.

Специальные упражнения циклического типа несут большую нагрузку. Поэтому продолжительность подобных упражнений на месте и в передвижениях обычно невелика – всего 10 -15 секунд. Но зато они выполняются повторно. Специальные упражнения циклического типа повторяются столько раз, сколько удастся их выполнить, не снижая скорости.

Способность выполнять движения быстро-одно из важнейших качеств спортсмена. Понятие о скорости и взрывной скорости в спорте включает в себя; собственно, скорость движений, частоту их. Способность к ускорению и быстроту двигательной реакции. Взрывная скорость в большей мере определяет успех не только в тяжёлой атлетике, фехтовании, боксе, прыжках, но и во многих других видах спорта. Она способствует увеличению длительности работы и выполнению её с более высокой скоростью, поэтому необходима и тем атлетам, для которых это качество обычно не считается ведущим.

Быстрота может быть общей и специальной. В данной методической рекомендаций речь пойдет о специальной быстроте (взрывной скорости) – способности выполнять с требуемой, обычно с очень большой, скоростью соревновательное упражнение, его элементы и части.

Быстрота движений, частота и скорость реакции зависят в значительной мере от уровня спортивной техники. Овладение наиболее рациональной формой движений (правильное расположение центра тяжести тела, направление усилий, укорочение рычагов, использование инерции и пр.) позволяет выполнять их быстрее. Но быстрые движения большей частью выполняются с проявлением большой мышечной силы, часто называемой «взрывной» скоростью. Поэтому роль силы мышц в такой быстроте движений очень велика. Все эти компоненты взрывной скорости, как и другие качества, о которых я говорил ранее, совершенствуются в процессе обучения и тренировки. Но есть еще один

компонент, который мало изменяется под влиянием тренировки – это природный (генетический) фактор-наличие благоприятного соотношения медленных и быстрых волокон в мышцах и связанной с этим подвижностью нервных процессов. Известно, что у людей с феноменальной скоростью движений очень велик процент быстрых волокон. Но даже этим спортсменам все равно надо учиться управлять этой своей способностью чтобы достичь успеха в скоростных действиях избранного вида спорта. Конечно надо искать учеников с такой способностью к взрывной силе.

Их обычно легко отобрать по такому простому тесту:

- бег на 30 метров с ходу;
- прыжок с места в высоту;
- бросок на дальность малого мяча.

Но при этом надо учесть, что даже наличие значительного процента быстрых волокон не гарантирует большой скорости движений, понадобится ещё и сила, и нередко очень значительная. Случается и так, что ученики, вначале не очень быстрые, путем тренировки достигают весьма высоких результатов в развитии взрывной силы. Необходимо рассчитывать не сколько на талант, сколько на правильную тренировку. В ней, в частности, надо предусмотреть такое увеличение силы, которое позволит повысить скорость и частоту движений, быстроту двигательной реакции. Вместе с тем хорошая эластичность мышц совершенно необходима также для того, чтобы мышцы антагонисты меньше тормозили выполнение движений, особенно с большой амплитудой. Поэтому быстрота движений зависит и от подвижности в суставах.

Для развития взрывной скорости применяются общеразвивающие и специальные упражнения на развитие быстроты, упражнения в своём и других видах спорта. Учащиеся должны не только научиться выполнять эти упражнения, но и превратить их в навык, чтобы в итоге «волевые усилия были направлены не на способ выполнения, а на его скорость. Специальные упражнения для развития взрывной скорости состоят из возможно быстрых движений. Некоторые комплексы упражнений, направленных на развитие взрывной скорости приведены ниже.

Комплекс упражнений, направленных на развитие взрывной скорости у учащихся.

Комплекс №1

1. Прыжки в высоту.
Толкаться изо всех сил и прыгать как можно выше. Прыгать 2 раза по 12 прыжков на каждой ноге, потом 3 раза по 12 прыжков на двух ногах. На упражнение отводится 10-15 минут.
2. Подняться в горку на расстояние около 50 метров или вверх по лестнице в быстром темпе. При спуске расслабиться.
3. Прыжки вверх с максимальной амплитудой не менее 150-200 раз за занятие.
4. Многократные прыжки в шаге.
5. Темповые подскоки с продвижением вперед, поочередной сменой ног и выносом бедра маховой ноги вверх.
6. Бег 30 метров скрестными шагами.

Комплекс №2.

1. Прыжки вправо-влево, высоко и резко поднимая колени, как будто делая пинок обоими ногами.
2. Группами по два человека, стоя по обе стороны волейбольной площадки сделать два шага на сближение, шаг назад, и прыжок на блок.
3. Из положения низкого старта сделать рывок метра на три, упасть вправо. Перевернуться лицом вверх, лечь ничком. Прodelывать упражнение 5-6 раз в максимально быстром темпе.
4. Бег на месте высоко поднимая колени – десять движений. Затем десять движений – бег на носках. Как можно быстрее и легче касаясь пола. После этого – рывок до линий находящейся на расстоянии 9 метров и касание ее двумя руками.
5. Прыжки через скакалку в течении 1 минуты в максимальном темпе.
6. Из положения лежа на спине сесть или встать максимально быстро.
7. Многократные прыжки с ноги на ногу с акцентом на отталкивание вверх.

Комплекс №3.

1. Бег с ускорением 2-3 x 30 метров.
2. Бег 20 метров с ходу – 2 раза.
3. Прыжок в длину с места – 3 раза.
4. Прыжок тройной с места – 3 раза.
5. Прыжок вверх с места толчком обеих ног по методу Аболакова-3 раза.
6. Метание набивного мяча через спину назад, двумя руками.

Комплекс №4.

1. Прыжки на скакалке -3 серии по 30 секунд.
2. Поднимание туловища из положения лежа на спине -3 серии по 30 секунд.
3. Напрыгивание двумя ногами на гимнастическую скамейку – 3 серии по 30 секунд.
4. Пробегание коротких отрезков с максимальной скоростью (10 метров – 5 раз)
5. Метание малого мяча на дальность (5-7 раз)

Поскольку при выполнениях прыжков и метаний большую роль играют мышечные напряжения. Эти упражнения следует отнести к скоростно-силовым. Поэтому, чтобы увеличить скорость движений в скоростно-силовых упражнениях необходимо как повышать мышечную массу, так и развивать способность проявлять большую силу в быстрых движениях. Последнее достигается повторным выполнением упражнений с отягощениями. Упражнения с отягощениями можно применять лишь после того, как будет хорошо освоена техника основного навыка без отягощения. Наряду с увеличением отягощения используются и облегченные условия (метание облегченных снарядов. Чередование упражнений с утяжеленными снарядами и снарядами облегченного веса). В видах спорта циклического характера скорость проявляется в основном в частоте движений. Большое значение в поддержании высокого темпа движений играет умение быстро сокращать и расслаблять мышцы. Методический путь развития этой способности - повторное выполнение движений с максимально большей частотой, но без излишнего напряжения. Длительность таких упражнений определяется временем, в течении которого может быть сохранена данная частота движений. При снижении темпа упражнение следует прекратить. Таким образом, ведущим для воспитания взрывной скорости являются повторные нагрузки, выполняемые в максимально высоком темпе. Так как в высоком темпе упражнения скоростно-силового характера выполняются не могут. Их следует чередовать с паузами активного отдыха. Каждое последующее упражнение целесообразно начинать в фазе повышенной работоспособности. Оптимальная продолжительность отдыха при повторном методе устанавливается экспериментально.

Типичные ошибки при работе над развитием двигательных качеств у учащихся следующие:

В практике нередко приходится наблюдать длительную задержку в росте спортивных результатов, когда несмотря на продолжающиеся занятия результаты не улучшаются. Одной из причин этого следует считать повторение движений в одном и том же темпе в одинаковых, условиях-когда вырабатываются стойкие условно рефлексорные связи на определенный темп, то есть образуется скоростной барьер. Чтобы преодолеть тормозящее влияние привычного темпа, создают облегченные условия выполнения движений с большей частотой и большей скоростью. В ряде случаев целесообразно прекращать на некоторое время развитие этого двигательного качества и переключиться на иные виды физических упражнений с помощью которых можно повысить уровень развития взрывной скорости.

Подбор упражнений для развития взрывной скорости должен основываться на следующих методических рекомендациях:

1. Так как перенос скоростных качеств невелик и наблюдается только в сходных движениях, упражнения необходимо подбирать главным образом соревновательные или специально подготовительные.
2. Эти упражнения должны быть хорошо освоены учащимися, только в том случае их внимание будет сосредоточено на стремлении выполнить упражнение быстрее, а не сделать его технически правильно.

Компоненты нагрузки при развитиях взрывной скорости должны отвечать следующим требованиям.

1. Длительность упражнений должна быть небольшой. Это требование связано с невозможностью долго поддерживать максимальную скорость движений.
2. Интенсивность упражнения должна быть предельной или околопредельной. Работа на средней скорости не будет развивать скоростных качеств, так как анаэробные реакции в работающих мышцах не достигнут своего максимума.
3. Интервалы отдыха должны соответствовать квалификации учащегося. Устанавливаются интервалы отдыха так: как только кислородный долг, образовавшийся после выполнения упражнения устраниться на 75%. можно начинать следующую попытку.
4. Характер отдыха-медленная ходьба или покой.
5. Число повторений должно быть таким, чтобы очередная попытка не вызывала снижения скорости. Если такой момент наступает необходимо переключиться на другие упражнения.

При выполнении упражнений легкой атлетики следует избегать следующих ошибок:
При выполнении старта и стартового разгона-закрепощены плечевые, локтевые суставы, руки сильно согнуты или судорожно выпрямлены, поперечная работа рук, вызывает значительное раскачивание туловища. Ступни сильно развернуты кнаружи (более 30 градусов), приземление с пятки, широкая расстановка стоп при беге.

Литература:

1. Дни здоровья и спорта в школе (методические рекомендаций) Алма-Ата.
2. Легкая атлетика. Поурочная программа. Москва.
3. Методика физического воспитания. Качашкин В.М. Москва. Просвещение.1988г.
4. Методика физического воспитания школьников. Мейксон Г.Б. Москва. Просвещение.
5. Методика психодиагностики в спорте. Москва. Просвещение.
6. Методические указания по составлению комплексов физических упражнений с использованием нестандартного оборудования. Алма-Ата.
7. Настольная книга учителя физической культуры. Темглазьев Ю.П. Москва. Просвещение.
8. Нестандартные уроки физической культуры. Голомидова С.Т.» Учитель-АСТ» Волгоград.
9. Оценка качества знаний по физической культуре. Москва. «Дрофа»
10. Педагогические основы физического воспитания. Тер-Ованесян А.А. Москва.Просвещение.
11. Психоло-педагогические основы физического воспитания. Москва. Просвещение.
12. Подвижные игры в школе. Коротков И.М. Москва. Просвещение.
13. Спортивные игры и методика их преподавания. Портных Ю.И. Москва. ФиС.
14. Типовая программа по физическому воспитанию учащихся.
15. Школьникам-здоровый образ жизни. Богданов Г.П. ФиС.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ АЛГОРИТМДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ РӨЛІ

Қазымбекова Айымгүл Жақсылыққызы

Қостанай облысы, Жангельдин ауданы, Түйемойнақ ауылы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Жангельдин ауданы білім бөлімінің Түйемойнақ бастауыш мектебі» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Білімді, бәсекеге қабілетті, функционалдық сауатты, алған білімін шынайы өмірде өзін-өзі жүзеге асыруға қолдана білетін тұлғаны тәрбиелеуге және оқушылардың математикалық мәдениетін және шығармашылық қабілетін қалыптастыруға бағытталған жұмыс болып табылмақ.

Тапсырмалары оқушылардың өмірлік жағдаяттарда математиканы қолдана білу қабілеттерін бағалауға, математиканы түрлі контекстерде тұжырымдауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған. Ол түрлі құбылыстарды сипаттайтын, түсіндіретін және болжам жасауда математикалық ойлау мен математикалық түсініктерді, математикалық білім мен құралдарды қолдану болып табылады. Бұл математиканың бүкіл әлемдегі алатын орны мен атқаратын рөлін мойындауға ықпал етіп, конструктивті, қызығушылығы мен ойлау мүмкіндігі жоғары азаматтар үшін саналы көзқарасын қалыптастырып, ақылға салынған шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмалар мазмұны халықаралық салыстырмалы (PISA, TIMSS және т.б.) зерттеулерде қолданылатын тапсырмаларға ұқсас келеді. Басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары 2021-2025 жылының бағдарламасында айқын көрсетілген. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын. Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

- Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады. - Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық – математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану болып табылады.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- білу (еске түсіру);
- қолдану (байланыстарды орнату);
- ойлау (пайымдау).

Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі.

Математикалық құзыреттіліктің деңгейлері (танымдық салалар):

Білу (еске түсіру):

Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу.

Қолдану (байланыстарды орнату):

Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу.

Ойлау (пайымдау, тұжырымдау):

Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Зерттеу тұжырымдамасына сәйкес әрбір тапсырма математиканың мазмұнды бөлімдерінің біріне сәйкес келеді:

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмыстар жүргізуіміз керек.

Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету. Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі артады.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және тағы басқалар туралы мәлімет ұсынады.

Осындай бағыттағы есептерді сабақ барысында қолдану арқылы ғана біз – алған математикалық білімдерін тиімді пайдалана алатын, өмірдегі кез келген жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдайтын, өзінің математикалық сауатты екенін дәлелдей алатын функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеп шығамыз.

Білімді, бәсекеге қабілетті, функционалдық сауатты, алған білімін шынайы өмірде өзін-өзі жүзеге асыруға қолдана білетін тұлғаны тәрбиелеуге негізделген.

Оқушылардың математикалық мәдениетін және шығармашылық қабілетін қалыптастыруға бағытталған сапалы дайындықты қамтамасыз етеді. Бастауыш сыныпта теңдеулерді шешуді үйрету арқылы оқушылардың ақыл-ой белсенділігін күшейту, оқушылардың математикалық ойлауының негізін қалау, сонымен қатар алгоритмдік ойлауды дамытуға ықпал етеді. Есептерді шешу нәтижесінде баланың теориялық білімі байытылып, білімдерін бекітеді, оның есептеу дағдылары жетілдіріледі.